


 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
Құжаттың түрі: ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	беті 1 -беттің 19
Әзірлеген:  М.М. Қажыбекова 2023 жылғы «20» _____	Тексерген:  К. Б. Сейтмағамбетов 2023 жылғы «01» _____ <i>Мені тоқсая</i>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген 2020 жылғы «___» ___, №___ хаттама

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1.1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент (бұдан әрі - Регламент) ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілерінде шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыруға бірыңғай талаптарды белгілеу мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Регламент «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясатына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкогольге, есірткіге, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясатына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының жұмыскерлеріне арналған «Өмірлік маңызы бар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандартқа, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес әзірленді және ҚМГ ішкі құжаты болып табылады.

1.3. Регламенттің негізгі міндеттері:

- 1) жұмыскерлерді шұғыл медициналық көмекпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілеу;
- 2) медициналық пункттерді жарактандыруға қойылатын талаптарды айқындау;
- 3) шұғыл медициналық әрекет ету жоспарының мазмұнына қойылатын талаптарды белгілеу. болып табылады.

2. Қолданылу саласы

2.1. Регламент ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілерінде шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру процесіне тартылған жұмыскерлердің орындауы үшін міндетті.

2.2. ҚМГ компаниялар тобы мамандандырылған ұйымдармен шарттар жасау кезінде жасалатын шарттың мәніне және мамандандырылған ұйымдардың міндеттемелеріне сәйкес келетін Регламенттің жекелеген талаптарын шарттарға енгізуге тиіс.

2.3. Осы Регламентті ҚМГ компаниялар тобында қолдану ұқсас Регламентті әзірлеу және бекіту немесе ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ішкі құжаттарын осы Регламентке сәйкес келтіру арқылы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 2-беті

Осы Регламентті Мамандандырылған ұйымдардың қолдануы жасалатын шарттарда көрсетілген талапарда жүзеге асырылады.

3. Анықтамалар мен қысқартулар

Осы Регламенттің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚМГ компаниялар тобы	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғалар;
АҚ және ТЖ	азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар;
Дәрігерге дейінгі медициналық көмек	денсаулықты насихаттауды, пациенттің жай-күйін бағалауды, дәрігерге дейінгі диагноз қоюды, дәрігерге дейінгі араласу жоспарын тағайындауды, дәрігерге дейінгі манипуляциялар мен процедураларды орындауды және науқастарға, мүгедектігі бар адамдарға және өлім аузында жатқан адамдарға күтім жасауды қамтитын орта медицина жұмыскерлері дербес немесе көпсалалы команда құрамында көрсететін медициналық көмек;
ШМДАП	шұғыл медициналық әрекет етудің ақпараттық парағы;
Кодекс	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI кодексі;
Дәрілік зат	адам ағзасымен байланысқа түсетін, адам ауруларын емдеуге, алдын алуға немесе фармакологиялық, иммунологиялық немесе метаболикалық әсер ету арқылы оның физиологиялық функцияларын қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адамның аурулары мен жай-күйін диагностикалауға арналған зат немесе құрамында бар немесе заттардың қосындысы болып табылатын құрал;
Медициналық авиация	әуе көлігін тарта отырып, халыққа шұғыл нысанда жедел медициналық көмек көрсету;
Медициналық ұйым	негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;
Медициналық көмек	Дәрілік қамтамасыз етуді қоса алғанда, ҚМГ компаниялар тобы жұмыскерлерінің денсаулығын

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 3-беті
	сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені. Медициналық көмек нысандары: шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек. Медициналық көмектің түрлері: жедел медициналық жәрдем, дәрігерге дейінгі медициналық көмек және мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық, медициналық көмек;	
Медициналық техника	өндіруші белгілеген функционалдық мақсатына және пайдалану сипаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін жеке немесе бір-бірімен ұштастыра қолданылатын аппараттар, аспаптар, жабдықтар, кешендер, жүйелер;	
Медициналық дабылы оқу	шұғыл медициналық әрекет ету жоспарын орындау дағдыларын тестілеу және пысықтау үшін ҚМГ компаниялар тобында өткізілетін іс-шаралар кешені;	
Медициналық эвакуациялау	ағзаның өмірлік маңызы бар функциялары (естің бұзылысы, тыныс алудың, қан айналымының бұзылуы, ауыр жарақаттық зақымданулар) айтарлықтай бұзылған зардап шегушіні/науқасты медициналық көмек көрсету үшін медициналық ұйымға тасымалдау жөніндегі іс-шаралар кешені;	
Медициналық бұйымдар	медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника;	
Медициналық пункт және/немесе жылжымалы медициналық объект	шұғыл және жедел медициналық көмек көрсетуге арналған мамандандырылған ұйымның құрылымдық бөлімшесі;	
Медицина жұмыскері	кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;	
Жедел медициналық жәрдем	өмірге айқын қауіп төндірмейтін кенеттен асқанған аурулар мен жағдайлар, созылмалы аурулардың өршуі кезінде көрсетілетін медициналық көмек;	
Жазатайым оқиға	жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындауы кезінде соның нәтижесінде өндірістік жарақат алған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың жұмыскерге әсер етуі, жұмыскерді еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуға немесе өлімге әкеп соқтырған денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы, ;	
ӨҚ, Е және ҚОҚ	өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;	

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 4-беті
ҚМГ жауапты құрылымдық бөлімшесі	ҚМГ-нің ӨҚ, Е және ҚОҚ саласындағы қызмет бағытына жауапты құрылымдық бөлімшесі;	
Парамедик	алғашқы көмек көрсету бойынша кәсіптік даярлық курсынан өткен адам	
Алғашқы көмек	бұл оқиға орнында зардап шегушінің өзі (өзіне-өзі көмек көрсету) немесе жақын жердегі басқа адам (өзара көмек) медицина жұмыскерлері келгенге дейін жүргізетін, шұғыл жағдайлар кезінде адамның өмірін құтқаруға, асқынулардың алдын алуға арналған, сондай-ақ кезек күттірмейтін жағдай кезінде зардап шегушінің денсаулығы мен өміріне қауіп-қатерді төмендету мақсатындағы жедел базалық іс-шаралар кешені;	
Шұғыл медициналық әрекет ету жоспары (ШМӘЖ)	шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болған кезде науқастарды/ зардап шегушілерді эвакуациялауды іске асыру жөніндегі өзара байланысты функцияларды орындайтын ҚМГ компаниялар тобының, мамандандырылған ұйымдардың, медициналық ұйымдардың және басқа да мүдделі қызметтердің (төтенше жағдайларға ден қою қызметі, өрт күзеті қызметі, газ желісінің авариялық қызметі, полиция және т. б.) әртүрлі ҚрБ өзара іс-қимыл жүйесі;	
Мердігерлік ұйым	ҚМГ компаниялар тобының ұйымымен жасалған мердігерлік шарт бойынша белгілі бір жұмысты орындайтын жеке немесе заңды тұлға;	
«Алтын сағат» қағидасы	қауіпті жағдайға тап болған адамның ағзасы тұрақты күйді сақтай алатын уаыт аралығы және осы кезеңде зардап шегушіге өмір сүру деңгейі жоғары және болу ықтималдығы төмен асқынулармен ең тиімді көмек көрсетуге болады;	
Өндірістік объект	ҚМГ компаниялар тобының өндірістік аумағындағы (келісімшарттық аумағындағы) кәсіпорындар немесе олардың цехтары, учаскелері, алаңдары, сондай-ақ стационарлық, сондай-ақ уақытша құрылған немесе мобильді-жылжымалы өзге де объектілер, құрылыс, құрылыс және оларға іргелес аумақтар, кәсіпорындар немесе олардың цехтары;	
Оқиға	еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаға, өртке, жарылысқа, аварияға, жол-көлік оқиғасына немесе ҚМГ компаниялар тобының бизнесі мен беделіне ықпалы бар кез келген өзге оқиғаға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік қызметінің нәтижесінде	

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 5-беті
	немесе процесінде болған кез келген жоспарланбаған оқиға;	
Бейінді маман	денсаулық сақтау саласында сертификаты бар жоғары медициналық білімі бар медицина жұмыскері;	
ӨС және ЕГ	өндірістік санитария және еңбек гигиенасы	
ҚББ	ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшесінің басшысы;	
Жедел медициналық көмек	асқанға аурулар мен өмірге қауіп төндіретін жағдайлар кезінде, сондай-ақ оқиға орнында және (немесе) медициналық ұйымға бару жолында денсаулыққа айтарлықтай зиянның алдын алу үшін шұғыл және кезек күттірмейтін нысанда медициналық көмекті ұйымдастыру жүйесі;	
ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі	ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ӨҚ, Е және ҚОҚ саласындағы қызмет бағытына жауапты құрылымдық бөлімшесі, ол болмаған жағдайда ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ӨҚ, Е және ҚОҚ саласындағы қызметін үйлестіретін маман;	
Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық, медициналық көмек	диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезіндегі, оның ішінде қашықтықтан медициналық қызмет көрсету құралдарын пайдаланумен бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;	
Мамандандырылған ұйым	ҚМГ компаниялар тобының ұйымымен шарт жасасқан, медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы бар медициналық ұйым;	
ҚрБ	ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшесі туралы ережеде айқындалған өз құзыреті шеңберінде дербес функциялары, міндеттері және жауапкершілігі бар ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшесі ;	
Шұғыл медициналық көмек	денсаулыққа елеулі зиянның алдын алу және (немесе) ҚМГ компаниялар тобы жұмыскерінің өміріне төнетін қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды талап ететін кенеттен асқанға аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың күшеюі кезінде көрсетілетін медициналық көмек.	

4. Жауапкершілік

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 6-беті

4.1. ҚМГ Жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы осы Регламенттің актуалдылығын сақтауға, әдістемелік көмек көрсетуге, осы Регламентке сәйкес ҚМГ компаниялар тобында жүргізілетін жұмысты үйлестіруді, мониторингтеуді және талдауды жүзеге асыруға жауапты болады.

4.2. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығы орындалуын Регламентпен таныстыру, оны енгізу, Өндірістік объектілерде шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру кезінде талаптарын орындау және үйлестіру үшін жауапты болады.

4.3. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығы Мердігерлік ұйымдармен шарттық міндеттемелерде шұғыл медициналық әрекет ету жоспарларының болуын қамтамасыз етуге, олардың орындалуын бақылауға жауапты болады.

4.4. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының және Мамандандырылған ұйымның жұмыскерлері өз құзыреттері мен шарттық міндеттемелері шеңберінде осы Регламенттің талаптарын орындауға жауапты болады.

5. Жалпы талаптар

5.1. Өндірістік объектілерді медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру

5.1.1. ҚМГ компаниялар тобының Өндірістік объектілерін медициналық қамтамасыз ету KMG-F-5009.1-13/KMG-RG-4044.2-13 сәйкес көрсетілетін медициналық қызметтердің түрі мен құрамына қарай Мамандандырылған ұйымдармен шарттық негізде ұйымдастырылуға тиіс.

5.1.2. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік объектілері қызметкерлеріне шұғыл және дереу медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру мәселелеріне жауапты ҚРБ күнтізбелік жылдың басынан бастап мамандандырылған ұйыммен медициналық қызметтер көрсетуге шарт жасасуды қамтамасыз етеді.

5.1.3. Медициналық көмек көрсету үшін өндірістік объектілерде медициналық пункттер және/немесе жылжымалы медициналық объектілер ұйымдастырылуға тиіс.

Медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің саны мен түрін медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардан қашықтығын, өндірістік объектідегі жұмыскерлердің санын, өндірістік тәуекелдерді, қолданылатын жұмыс әдісінің (вахта) ерекшеліктерін, метеожағдайларды, шұғыл медициналық көмек көрсету деңгейлері арасындағы уақыт аралықтарын сақтау мақсатында көліктік қолжетімділікті ескере отырып, ҚМГ компаниялар тобының ұйымы айқындауға тиіс осы Регламенттің 5.3-тармағында белгіленген жарақаттар мен асқанған аурулар кезінде көмек көрсету.

5.1.4. Медициналық пункттердегі және/немесе жылжымалы медициналық объектілердегі жұмысқа KMG-F-5010.1-13/KMG-RG-4044.2-13 сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келетін медицина жұмыскерлері тартылуға тиіс.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 7-беті

5.1.5. Медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектілердің медицина жұмыскерлері KMG-F-5011.1-13/KMG-RG-4044.2-13, KMG-F-5012.1-13/KMG-RG-4044.2 - 13 және KMG-F-5013.1-13/KMG-RG-4044.2-13. сәйкес нысандар бойынша өндірістік объектілердің жұмыскерлеріне медициналық пунктке және/немесе жылжымалы медициналық объектіге бару бойынша, аурулар топтары бойынша медициналық көмекке жүгіну бойынша, Форма регистрации изменений 1 медициналық эвакуациялау жағдайлары туралы статистикалық есептілікті жүргізуге тиіс

Медициналық пунктте және/немесе жылжымалы медициналық объектіде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында барлық қажетті есепке алу және есептік құжаттама жүргізілуге тиіс.

5.1.6. Эвакуациялау жолдары күрделі (әуе, су көлігімен) және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының вахталық жұмыс режимімен жұмыс істейтін жұмыскерлері үшін медициналық пункттерде және/немесе жылжымалы медициналық объектілерде дәрігердің/фельдшердің жұмысын ұйымдастыру қажет.

5.1.7. ҚМГ компаниялар тобының ұйымында медициналық пункт және/немесе жылжымалы медициналық объект болмаған жағдайда шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажет.

5.1.8. Өндірістік объектілер алғашқы медициналық көмек қобдишасымен жабдықталуы керек. Алғашқы көмек көрсетуге арналған алғашқы көмек қобдишасының құрамы денсаулық сақтау саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес қалыптастырылады.

5.1.9. Жұмыс орындарында алғашқы көмек көрсету үшін алғашқы медициналық көмек қобдишаларының болуын және олардың уақтылы толықтыруын, аумағында алғашқы көмек көрсету үшін алғашқы медициналық көмек қобдишалары орналасқан ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі жүзеге асырады.

5.2. Медициналық пункттерді және/немесе жылжымалы медициналық объектіні жарақтандыруға қойылатын талаптар

5.2.1. Медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің жұмысын ұйымдастыру үшін «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес үй-жайлар және/немесе жылжымалы объектілер пайдаланылуға тиіс.

5.2.2. Медициналық пункт және/немесе жылжымалы медициналық объект жұмыс тәртібін және медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерлерін шұғыл шақыруға арналған байланыс ақпараты көрсетілген нақты белгіленуі (мандайшасы) болуға тиіс.

Медициналық пунктте және/немесе жылжымалы медициналық объектіде медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерлері туралы көрнекі ақпарат, байланыс ақпараты және ақпараттық тақтаға орналастырылған жұмыс кестесі болуға тиіс.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 8-беті

5.2.3. Дәрілік заттардың, медициналық техниканың және медициналық бұйымдардың медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің базалық тізбесі KMG-F-5014.1-13/KMG-RG-4044.2-13 сәйкес Тізбеге сәйкес келуге тиіс.

5.2.4. Дәрілік заттар, медициналық техника және медициналық бұйымдар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларына сәйкес олардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын сақтауды қамтамасыз ететін жағдайларда сақталуға тиіс.

Медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерлері KMG-F-5015.1-13/KMG-RG-4044.2-13 сәйкес медициналық техниканың тексеру парағының нысанына сәйкес медициналық техниканың тұтастығы мен жұмысқа қабілеттілігін, сондай-ақ дәрілік заттардың жарамдылық мерзімін үнемі тексеріп отыруы және тиісті деректер базасын жүргізуі керек.

Медициналық техника әрқашан қолдануға дайын болуы керек. Медициналық техникаға сервистік қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында медициналық бұйымдарға сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2.5. Медициналық пунктте және/немесе жылжымалы медициналық объектіде KMG-F-5016.1-13/KMG-RG-4044.2-13. сәйкес шұғыл медициналық көмек және жедел медициналық көмек көрсету үшін жиналмалы сөмке қалыптастырылуға тиіс.

Жиналмалы сөмке дәрілік заттардың, медициналық техниканың және медициналық бұйымдардың саны мен жарамдылық мерзімдерін көрсете отырып, мазмұн тізімдемесімен жабдықталуға тиіс.

5.2.6. Медициналық пункттер және/немесе жылжымалы медициналық объектілер және медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектілердің медицина жұмыскерлері стационарлық телефонды, ұялы телефонды¹, компьютерді (хабарламалар мен есептілікті беруге арналған интернет және электрондық пошта) қоса алғанда, қосарлы тиімді байланыс құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс. Медициналық пунктті және/немесе жылжымалы медициналық объектіні стационарлық және ұялы телефонмен жарақтандырудың техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда медицина жұмыскерлеріне радио- немесе спутниктік телефон байланысын ұсыну қажет.

5.2.7. Медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектілердің медицина жұмыскерлері өндірістік объектілерге кіру/ шығу кезінде қойылатын санитариялық-гигиеналық және өндірістік талаптарға сәйкес қажетті медициналық арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс. Медициналық қызмет көрсететін мамандандырылған ұйым медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы

¹ Өндірістік объектілерде ұялы байланысты пайдалану жөніндегі қауіпсіздік талаптарын ескерумен

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 9-беті

медициналық объектілердің медицина жұмыскерлерін арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге жауапты болып табылады.

5.2.8. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік объектісінің аумағында орналасқан медициналық пункт және/немесе жылжымалы медициналық объект зардап шегушіні/науқасты радиобайланыспен және навигациялық жүйемен жарақтандырылған медициналық ұйымға тасымалдау үшін автомобиль жолдарының ерекшеліктеріне қарай санитариялық автокөлікпен (реанимобиль) қамтамасыз етілуге тиіс.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымының медициналық пункттеріндегі және/немесе жылжымалы медициналық объектілеріндегі санитариялық автокөліктің (реанимобильдің) саны медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектілердің бір-бірінен, медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардан қашықтығы, өндірістік объектідегі жұмыскерлердің саны, өндірістік тәуекелдер, қолданылатын жұмыс әдісінің (вахтаның) ерекшеліктері, метеожағдайлар ескеріле отырып айқындалады, шұғыл медициналық көмек көрсету деңгейлері арасындағы уақыт аралықтарын сақтау мақсатында жақын маңдағы медициналық пункттен немесе жедел жәрдем станциясынан санитариялық көлікті пайдалануға болады.

Санитариялық автокөліктің жабдығын (реанимобильді) медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерлері тізімдемеге енгізуге және үнемі дайын күйде болуға тиіс.

5.3. Жарақаттар, жедел уланулар және денсаулық жағдайының күрт нашарлауы кезінде медициналық көмек көрсету деңгейлері

5.3.1. Шұғыл медициналық көмек шартты түрде зардап шегуші анықталған немесе жүтінген сәттен бастап төрт деңгейге бөлінеді. Деңгей көмек көрсететін адамның дайындығына (куәгер, парамедик, фельдшер, дәрігер) және оны көрсету уақытына байланысты:

1-деңгей- ҚМГ компаниялар тобы ұйымының жұмыскерлері арасынан парамедиктің зардап шегушіге/науқасқа жазатайым оқиға, жарақат, улану немесе оның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа да жай-күй/ауру сәтінен бастап 4 минуттан кешіктірмей алғашқы көмек көрсетуі;

2-деңгей- кез келген бейіндегі медициналық ұйымдарға келіп түскенге дейінгі медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерлерінің немесе «Алтын сағат» қағидасына сәйкес жедел медициналық көмек бригадасының дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетуі;

3-деңгей- кез келген бейіндегі медициналық ұйымда жазатайым оқиға/асқанған ауруы сәтінен бастап 4 сағаттан аспайтын мерзімде медициналық көмек көрсету;

4-деңгей- бейінді мамандардың жазатайым оқиға/асқанған ауруы сәтінен бастап 24 сағат ішінде медициналық ұйымда мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуі.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 10-беті

5.3.2. Әрбір деңгейде Шұғыл медициналық көмек көрсетудің мынадай бірыңғай принциптері сақталуға тиіс:

- 1) уақытылылық - алғашқы көмек неғұрлым ерте басталса, оқиғаның жағымсыз салдары соғұрлым аз болады;
- 2) кезеңділік - шұғыл медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде оның көлемі Кодекске сәйкес жеткілікті болуға тиіс;
- 3) үздіксіздік - басқа деңгейге өту қажетті емдеу шараларының үзілуімен бірге жүрмеуі керек;
- 4) ақпараттандыру - 4-деңгейдегі медицина жұмыскерлерінде шұғыл медициналық көмек көрсетудің 1, 2 және 3 деңгейлерінде жүргізілген барлық емдеу-диагностикалық іс-шаралар туралы ақпарат болуға тиіс;
- 5) Шұғыл медициналық көмек көрсетудегі сабақтастық - емдеудегі бірыңғай әдістерді сақтау.

1-деңгей - Алғашқы көмек

Жазатайым оқиғалар мен уланулар/асқанған аурулар кезінде зардап шегушілерге/науқастарға барабар және уақытылы алғашқы көмек көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында ҚББ ерікті негізде ҚрБ жұмыскерлері арасынан парамедиктерді тағайындайды.

Парамедиктердің саны қажет болған жағдайда зардап шегуші анықталған сәттен бастап төрт минут ішінде кез келген жұмыс орнында алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларына үйретілген парамедик қолжетімді болатындай болуы керек. Көрсетілген өлшемге сүйене отырып, ҚрББ жұмыскерлердің қажетті санын анықтайды және уақытылы оқытуға жібереді.

ҚМГ компаниялар тобының ұйымы медициналық білімі жоқ, оның ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Алғашқы көмекті медициналық білімі жоқ, оның ішінде тиісті даярлықтан өткен адамдардың көрсету қағидаларына сәйкес парамедиктерді алғашқы көмек көрсету дағдыларына (оның ішінде автоматты сыртқы дефибрилляторды қолдана отырып, жүрек-өкпе реанимациясы (АСД қолданумен ЖӨР)) оқытуды қамтамасыз етеді.

Фельдшерлерді алғашқы көмек көрсету дағдыларына дайындау 3 жылда бір рет кезеңділікпен жүргізіледі.

Төтенше медициналық жағдай туындаған кезде (жарақат, асқанған ауру) куәгер/парамедик:

- 1) оқиға орнына келеді;
- 2) оқиға орнын, өзіне, зардап шегушіге және айналасындағыларға төнеген қауіпті бағалайды;
- 3) жедел медициналық көмекке шақырады (ШМӘЖ сәйкес);
- 4) медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерлері келгенге дейін зардап шегушіге/науқасқа алғашқы көмек көрсетеді.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 11-беті

ҚБББ парамедикке өндірістік қызметке зиян келтірместен зардап шегушіге/науқасқа алғашқы көмек көрсету үшін жұмыс орнынан тез кету мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Парамедиктер ҚМГ компаниялар тобы ұйымында бекітілген оқу-жаттығу жоспарына сәйкес зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету бойынша жаттығуларға үнемі қатысуға тиіс.

Парамедиктер туралы ақпарат өндірістік объектілерде, көрнекті жерлерде және ақпараттық тақталарда ілінеді. Бұл ақпараттың дұрыстығына ҚрББ жауапты болады.

Парамедиктің арнайы киімі және/немесе жұмыс орны сәйкестендіру белгісімен белгіленуі керек, мысалы, каскасында немесе жеңіндегі қызыл крест, кеңседегі үстелдегі кресті бар жалауша және т. б.

Алғашқы көмек көрсету кезінде парамедиктер ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік объектілерінде орналастырылған алғашқы көмек көрсетуге арналған алғашқы медициналық көмек қобдишаларының құрамын пайдалана алады. Алғашқы көмек көрсетуге арналған қобдишаның құрамы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қалыптастырылады.

Жұмыс орындарында алғашқы көмек көрсетуге арналған алғашқы медициналық көмек қобдишаларының болуына және олардың мазмұнын уақытылы толықтыруға оның аумағында алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған алғашқы медициналық көмек қобдишалары орналастырылған ҚрББ жауапты болады.

2-денгей - Кез келген бейіндегі медициналық ұйымға түскенге дейін дәрігерге дейінгі медициналық көмек

Дәрігерге дейінгі медициналық көмекті медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің, жедел медициналық жәрдемнің медицина жұмыскерлері көрсетеді (ШМӘЖ сәйкес).

Оқиға орнынан жақын қашықтықта орналасқан медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскері оқиға орнына келеді, оқиға орнының қауіпсіздігін бағалайды, зардап шегушінің/науқастың жағдайын бағалайды және шұғыл медициналық көмек және/немесе кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді.

Егер оқиға орны қауіпсіз болып табылмаса, медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскері авариялық-құтқару құралымдарының келуін және зардап шегушінің қауіпсіз жерге шығарылуын күтеді.

Медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскері зардап шегушінің/науқастың жағдайына қарай медициналық эвакуациялау қажеттілігі, пациенттің жай-күйін тұрақтандыру және эвакуациялауға дайындық қажеттілігі мен орны туралы шешім қабылдайды. Бірнеше зардап шегуші/науқас болған кезде медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскері медициналық сұрыптауды жүргізеді, медициналық көмек пен эвакуациялау

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 12-беті

көлемін көрсетудің басымдықтарын айқындайды және қосымша көмек шақырады. Медициналық эвакуациялаудың әрбір жағдайы бойынша медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскері медициналық эвакуациялау жағдайы туралы есепті толтырады, сондай-ақ KMG-F-5017.1-13/KMG-RG-4044.2 - 13 және KMG-F-5013.1-13/KMG-RG-4044.2-13. сәйкес нысандар бойынша медициналық эвакуациялаудың есебін жүргізеді.

Төтенше жағдайларда дәрігерге дейінгі медициналық көмекті парамедиктер көрсетуі мүмкін.

3-деңгей - Кез келген бейіндегі Медициналық ұйымдағы медициналық көмек

Медициналық көмекті диагностикалық және емдік іс-шаралардың толық кешенін жүргізуге немесе қажет болған жағдайда оны мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымға ауыстыруға дайындауға мүмкіндігі бар кез келген бейіндегі медициналық ұйым көрсетеді.

4-деңгейге медициналық эвакуациялау зардап шегушіні/науқасты мамандандырылған, оның ішінде медициналық көрсетілімдер бойынша жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымға дейін тасымалдауды білдіреді.

Зардап шегушіні/науқасты мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымға тасымалдау қажеттілігі туралы шешімді 3-деңгейде медициналық көмек көрсететін бейінді мамандар қабылдайды.

4-деңгейге медициналық эвакуациялау зардап шегуші/науқас медициналық ұйымға жеткізілгеннен кейін немесе тіпті 3-деңгейдегі медициналық көмек аяқталғаннан кейін біраз уақыттан кейін болуы мүмкін. 4-деңгейге медициналық эвакуациялау зардап шекушінің/науқастың жағдайын тасымалдау үшін толығымен тұрақтандыруды талап етеді.

4-деңгей - Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек

Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмекті диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтер құралдарын пайдалана отырып бейінді мамандар көрсетеді.

6. Шұғыл медициналық әрекет ету жоспары

6.1. ШМӘЖ мақсаттары мен міндеттері

6.1.1. ҚМГ компаниялар тобының ұйымы өз аумағындағы әрбір өндірістік объект үшін ШМӘЖ әзірлейді.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ЖҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 13-беті

6.1.2. ШМӘЖ-дің мақсаты - жазатайым оқиғаның немесе асқынған аурудың жұмыскерлердің денсаулығына тигізетін әсерінің ауырлығын барынша азайту.

6.1.3. ШМӘЖ өндірістік тәуекелдерді, нақты өндірістік объектілердегі жұмыскерлердің денсаулығына қауіп-қатерді бағалау негізінде әзірленеді және мыналар үшін қажет:

1) ең қысқа мерзімде жақын арадағы медициналық ұйымда зардап шегуші/науқас жұмыскерге алғашқы көмек көрсетуді, дәрігерге дейінгі медициналық көмекті, медициналық эвакуациялауды қамтамасыз ету;

2) ШМӘЖ сәйкес шұғыл медициналық әрекет ету процесінің барлық қатысушыларына уақытылы хабарлау.

6.1.4. ШМӘЖ әзірлеу кезінде тәулік уақытын, ауа-райының жағдайын, көліктің, тікұшақ алаңының болуын, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының аумағындағы жолдардың сапасын және медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың мүмкіндіктерін ескеру қажет.

6.1.5. ШМӘЖ тұтастығы пен тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

1) ӨС және ЕГ, АҚ және ТЖ саласындағы міндеттерді шешуге уәкілеттік берілген ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі, мамандандырылған ұйым, медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерлері әзірлеген болуы;

2) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшысы бекіткен болуы керек.

6.1.6. Мердігерлік ұйымдар өздерімен жасалған шарттардың талабы болып табылатын өздерінің ШМӘЖ (өздерінің медициналық пункттері және/немесе жылжымалы медициналық объектілері болмаса да) әзірлейді.

6.1.7. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшысы ШМӘЖ келіседі және оны әзірлеу мен орындауға жауапты болады.

6.1.8. ШМӘЖ қажет болған жағдайда қайта қаралуы керек, бірақ жылына кемінде бір рет.

ШМӘЖ мазмұны:

1) зардап шегушілердің/оқиғаның куәгерлерінің, парамедиктердің, медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектілердің медицина жұмыскерлерінің және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқа да жұмыскерлерінің іс-әрекеттерін айқындау, қажет болған жағдайда жарақат/асқынған ауру кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету, шұғыл медициналық әрекет ету процесіне тартылған барлық жұмыскерлер арасында міндеттерді бөлу;

2) өндірістік объект туралы ақпарат;

3) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік объектілерінде зардап шегушілерді (науқастарды) медициналық эвакуациялау жолдары мен әдістерін айқындау;

4) шұғыл медициналық көмек және жедел медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдар туралы ақпарат - жедел медициналық көмек қызметі;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 14-беті

5) шұғыл медициналық көмек көрсететін және медициналық авиацияны ұсынатын медициналық ұйымдар туралы ақпарат;

6) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік объектілерінде медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектілердің болуы туралы ақпарат, медициналық персоналдың біліктілігі, жұмыс режимі, байланыс ақпараты. ҚМГ компаниялар тобының жұмыскерлеріне шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қарастырылатын ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектісінің жанында ҚМГ компаниялар тобының медициналық пункттерінің және/немесе жылжымалы медициналық объектілерінің немесе мердігерлік ұйымдардың болуы туралы ақпарат;

7) сақтандыру компаниясының атауы және байланыс ақпараты;

8) мамандандырылған ұйымның атауы және үйлестірушілердің байланыс ақпараты;

9) ӨС және ЕГ, АҚ және ТЖ саласындағы міндеттерді шешуге уәкілетті ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі туралы ақпарат;

10) зардап шегушіге/науқасқа шұғыл медициналық көмек көрсету және эвакуациялау кезінде әрбір өндірістік объект үшін (қала/аудан шегінде және одан тыс орналасқан) ШМӘЖ схемасы;

11) шұғыл медициналық көмекті және медициналық эвакуациялауды ұйымдастыру процесіне тартылған барлық Тараптарды хабардар ету схемасы (ҚМГ компаниялар тобының әрбір ұйымы жеке әзірлейді).

6.1.9. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік объектілерінде KMG-F -5018.1-13/KMG-RG-4044.2-13 сәйкес нысан бойынша шұғыл медициналық әрекет етудің ақпараттық парағы (ШМӘАП) жасалады және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының және мердігерлік ұйымдардың барлық жұмыскерлеріне мәлімделеді.

Шұғыл медициналық ден қою ақпараттық парағында келесі телефон нөмірлері көрсетіледі:

1) шұғыл әрекет ету қызметтерінің (жедел медициналық жәрдем, төтенше жағдайларға ден қою қызметі, өрт күзеті қызметі, газ желісінің авариялық қызметі, полиция);

2) өңірдегі медициналық көмек және мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың;

3) санитариялық авиация қызметтерін ұсыну жөніндегі орталықтың;

4) апаттар медицинасының аумақтық орталығының;


5) ҚМГ компаниялар тобының ұйымына және жақын орналасқан бөгде ұйымдарға тиесілі барлық медициналық пункттерді және/немесе жылжымалы медициналық объектілердің;

6) ӨС және ЕГ, АҚ және ТЖ саласындағы міндеттерді шешуге уәкілетті ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі жұмыскерлерінің, ҚМГ компаниялар тобы ұйымы басшысының.

ШМӘАП қызметтердің, ұйымдардың және жауапты тұлғалардың байланыс ақпараты өзгерген кезде жаңартылады. ҚМГ компаниялар тобы

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ НАЦИОНАЛДЫҚ АЭРОНАВИГАЦИЯ ҚЫЗМЕТТЕРІ» ЖШС	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 15-беті

ұйымының өндірістік объектісіндегі ШМӘЖ схемасы ШМӘЖ бір бөлігі болып табылады (1-сурет).



Сурет 1 ҚМГ компаниялар тобы ұйымның өндірістік объектісіндегі ШМӘЖ схемасы

Өңірдің картасында өндірістік объектіде ШМӘЖ схемасын жасау кезінде барлық өндірістік объектілерден жақын маңдағы медициналық пункттерге және/немесе жылжымалы медициналық объектілер мен медициналық ұйымдарға дейінгі қашықтықты көрсету қажет.

6.1.10. Зардап шегушіні/науқасты медициналық көмек көрсету үшін медициналық ұйымға шұғыл тасымалдау қажеттілігін көздейтін жағдайларда ҚМГ компаниялар тобының ұйымында немесе мамандандырылған ұйымда медициналық авиация қызметтерін көрсетуге арналған шарт болуға тиіс.

6.2. Шұғыл медициналық әрекет ету жоспарын дайындау

6.2.1. ӨС және ЕГ, АҚ және ТЖ саласындағы міндеттерді шешуге уәкілетті ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі мамандандырылған ұйыммен, медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерімен бірлесіп ағымдағы жылдың 1-тоқсанынан кешіктірмей ШМӘЖ және ШМӘАП жобаларын әзірлейді.

6.2.2. ШМӘЖ және ШМӘАП жобаларын әзірлеу шұғыл медициналық көмек көрсету деңгейіне сәйкес зардап шегуші/науқас жұмыскерге алғашқы көмек көрсетуді, дәрігерге дейінгі медициналық көмекті, медициналық эвакуациялауды қамтамасыз ету үшін ақпарат негізінде жүргізіледі.

6.2.3. ӨС және ЕГ, АҚ және ТЖ саласындағы міндеттерді шешуге уәкілетті ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі мамандандырылған ұйыммен, медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерімен

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 16-беті

бірлесіп, олар әзірленген күннен бастап **30 жұмыс күнінен кешіктірмей** ҚМГ компаниялар тобы ұйымының барлық мүдделі ҚрБ-мен ШМӘЖ және ШМӘАП жобаларын келіседі.

6.2.4. ӨС және ЕГ, АҚ және ТЖ саласындағы міндеттерді шешуге уәкілетті ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі келісілген жобаларды ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшысына олар келісілген күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей бекітуге ШМӘЖ және ШМӘАП келісілген жобаларын және ШМӘЖ қолданысқа енгізу туралы өкімдік құжатты жібереді.

6.2.5. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшысы оларды алған күннен бастап **3 жұмыс күнінен кешіктірмей** ШМӘЖ және ШМӘАП бекітеді.

6.2.6. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшысы ҚМГ компаниялар тобының ұйымында келісу және өкімдік құжаттарға қол қою бойынша белгіленген тәртіпке сәйкес ШМӘЖ қолданысқа енгізілгені туралы өкімдік құжатқа қол қояды.

6.2.7. ӨС және ЕГ, АҚ және ТЖ саласындағы міндеттерді шешуге уәкілетті ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі ШМӘЖ мазмұнын және ШМӘЖ қолданысқа енгізілгені туралы өкімдік құжатты оған қол қойылған күннен бастап **10 жұмыс күнінен кешіктірмей** ҚМГ компаниялар тобы ұйымының, оның ішінде мердігер ұйымдардың барлық жұмыскерлеріне мәлімдейді.

6.2.8. ӨС және ЕГ, АҚ және ТЖ саласындағы міндеттерді шешуге уәкілетті ӨҚ, Е және ҚОҚ қызметі қажеттігіне қарай, бірақ **жылына кемінде бір рет** ШМӘЖ және ШМӘАП актуалдандыруды жүргізеді.

6.3. ШМӘЖ тестілеу

6.3.1. ШМӘЖ медициналық оқу дабылдарын жүргізу арқылы әрбір өндірістік мекемеде үнемі тексеріліп тұруы керек.

6.3.2. Медициналық оқу дабылдары күштер мен құралдарды тарту деңгейі бойынша бөлінеді және оларды KMG-F-5019.1-13/KMG-RG-4044.2-13 сәйкес келесі деңгейлер бойынша жүргізу ұсынылады.

6.3.3. Әрбір 1, 2 және 3-деңгейдегі медициналық оқу дабылы аяқталғаннан кейін **3 жұмыс күні ішінде** KMG-F-5020.1-13/KMG-RG-4044.2-13 сәйкес нысан бойынша жүргізілген медициналық оқу дабылы туралы тиісті журналға жазба ресімдей отырып, барлық тартылған жұмыскерлердің іс-әрекеттеріне талдау жүргізілуі және кемшіліктер анықталған жағдайда, түзету іс-шаралары кестесі әзірленуі керек.

6.3.4. ШМӘЖ өндірістік қызмет түрі, өндірістік объектілердің орналасқан жері, медициналық пункттердің және/немесе жылжымалы медициналық объектілердің саны өзгерген жағдайда, сондай-ақ медициналық оқу дабылдары барысында анықталған кемшіліктер ескеріле отырып қайта қаралады.

6.3.5. 1, 2 және 3-деңгейлердегі шұғыл медициналық көмек көрсету кезінде адамдардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі KMG-F-5021.1-13/KMG-RG-4044.2-13 сәйкес ҚМГ компаниялар тобының ұйымында шұғыл медициналық әрекет ету жоспарының схемасы бойынша орындалуға тиіс

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ЖҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 17-беті

7. Құжаттарға сілтемелер

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 ақпандағы шешімі, № 2/2020 хаттама	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 ақпандағы шешімі, № 2/2020 хаттама	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және сол тектестерге қатысты саясаты
KMG-ST-3524.1-13	ҚМГ компаниялар тобының жұмыскерлері үшін «Өмірлік маңызы бар қағидалар» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік стандарт
KMG-ST-3485.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы жөніндегі корпоративтік стандарт
2020 жылғы 07 шілдедегі №360-IV	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі
2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ-96/2020	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
2020 жылғы 08 қазандағы №118/2020	«Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы
2021 жылғы 16 ақпандағы №ҚР ДСМ-19	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидалары
2021 жылғы 3 тамыздағы № ҚР ДСМ -72	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген» Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар « санитариялық қағидалары
2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-273/2020	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында медициналық бұйымдарға сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру қағидалары

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 18-беті

2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-269/2020	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген медициналық білімі жоқ, оның ішінде тиісті даярлықтан өткен адамдардың алғашқы көмек көрсету қағидалары
2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-223/2020	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидалары
2020 жылғы 8 қарашадағы № ҚР ДСМ-238/2020	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидалары
2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-225/2020	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидалары

*Осы Регламентті пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша анықтамалық құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер анықтамалық құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы Регламентті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

8. Жазба нысандары

KMG-F-5009.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Өндірістік объектілердегі медициналық қызметтердің түрлері мен құрамы
----------------------------------	---

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ЖҰЛТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент	
ИБЖ регламенті	KMG-RG-4044.2-13	19 беттің 19-беті

KMG-F-5010.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медицина жұмыскерлерінің біліктілік талаптары мен дағдылары
KMG-F-5011.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Келіп кету бойынша медициналық пунктте және/немесе жылжымалы медициналық объектіде статистикалық деректерді ұсыну журналының нысаны
KMG-F-5012.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Аурулардың топтары бойынша медициналық көмекке жүгіну журналының нысаны
KMG-F-5013.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Медициналық эвакуациялау жағдайы туралы есеп нысаны
KMG-F-5014.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Дәрілік заттардың, медициналық техниканың және медициналық пункттің және/немесе жылжымалы медициналық объектінің медициналық бұйымдарының базалық тізбесі
KMG-F-5015.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Медициналық пунктте және/немесе жылжымалы медициналық объектіде медициналық техниканы тексеру парағының нысаны
KMG-F-5016.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Дәрігерлік, фельдшерлік жиналмалы сөмкенің құрамы
KMG-F-5017.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Медициналық эвакуациялауды есепке алу журналының нысаны
KMG-F-5018.1-13/KMG-RG-4044.2-13	шұғыл медициналық әрекет етудің ақпараттық парағы нысаны;
KMG-F-5019.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Медициналық оқу дабылдарының деңгейі
KMG-F-5020.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Медициналық оқу дабылдарын есепке алу журналының нысаны
KMG-F-5021.1-13/KMG-RG-4044.2-13	Ұйымдағы шұғыл медициналық әрекет ету жоспарының сызбасы

9. Регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

9.1. Регламентті, сондай-ақ оған барлық толықтыруларды және/немесе өзгерістерді ҚМГ Басқармасы бекітеді.

9.2. Регламентте реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, ҚМГ Жарғысымен және ҚМГ өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру регламентіне келісу парағы	
ИБЖ нысаны	KMG-F-235.11-8/PR-6.11-8	1 беттің 1-шісі

Келісілді:

Келісетін тұлғаның лауазымы	Визасы, күні	Аты-жөні
Басқарма төрағасының орынбасары	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	Д.Е. Абдулғафаров
Басқарма төрағасының орынбасары	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	Д.А. Арысова
Басқарма төрағасының орынбасары	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	С.А. Брекешев
Басқарма төрағасының орынбасары	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	Б.К. Зәкіров
Басқарма төрағасының орынбасары	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	Қ.М. Құдайбергенов
Басқарма төрағасының орынбасары	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	В.С. Лавренов
Басқарма төрағасының орынбасары	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	Д.С. Макеев
Басқарма төрағасының орынбасары	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	Д.К. Хасанов
Аппарат басышы	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	Е.Б. Умаров
Цифрлық даму департаментінің директоры	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	Б.К. Қасенов
Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры	Келісілді 2023ж. 28.11. №13/13755-СЗ ҚЖ	Қ.Б. Сейітмағамбетов

Орынд. Қажыбекова М.М.
тел. 78 61 37